

Хибина Н.Н.

**Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық жазаны жеңілдету аясындағы мемлекеттің әлеуметтік саясаты**

Мақала мазмұны кәмелеттік жасқа толмағандарға қылмыстық жазаны жеңілдету аясында өткізілетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының нақты аспектілерін ашады. Кешенді салааралық институт ретінде жазаны өтеуден босату түсінігін зерделей келе, мақалада шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық табиғатын ашатын сұрақтар зерттелген. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық мәнінің сұрақтарының күрделілігі оның нормаларының бірнеше аралас құқық салаларында болуымен дәйектеледі. Бірінші кезеңде шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы нормалардың сипатына, құқықтық құрылымы мен арақатынасына көзқарастарды білдіретін ұстанымдар қарастырылады, сонымен қатар мақалада әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілер мен заң тәжірибесіне талдау жасау негізінде оларды дамыту бойынша мәселелер мен негізгі тенденциялар орын алған. Екінші кезеңде субъектінің әлеуметтік жағымды қызметінің дәрежесі оны жауаптылықтан босатуға негіз болатындығына көңіл бөлінеді. Сондықтан, шартты түрде мерзімінен бұрын босату көтермелеу шарасы, жаза өтеп жатқан адамның субъективтік құқығы, сотталған адамның заңды мүддесі ретінде түсініледі. Үшінші кезең, зерттеу институтын жүзеге асырудың әлеуметтік белгісінен тұратын аспектілер негізінен құралған пікірлермен көрініс тапқан. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық табиғатына ұстанымдарды біріктіретін төртінші кезеңде зерттеу институтының салалық қатыстылығын білдіретін пікірлерге талдау жасалынған. Бұған сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың реттелуі нақты құқық саласына жатқызылған.

**Түйін сөздер:** кәмелетке толмағандар, кешенді салааралық институт, құқықтық табиғаты, көтермелеу шарасы, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, қылмыстық-атқару құқығы.

Khibina N.N.

**The social policy of the state in the area of mitigation of criminal punishment to minors persons**

The contents of article open separate aspects of social policy of the Republic Kazakhstan pursued in area of mitigation of criminal punishment to persons, nedostigshikh majority. Proceeding from understanding of release from punishment serving as complex interindustry institute, it is investigated the questions opening the legal nature of conditional and early release. Complexity of studying of problems of legal essence of conditional and early release is burdened pristutstvuyem its norms in several adjacent branches of the right. This circumstance causes existence in the theory criminal, criminal penitentiary and the criminal procedure right of various points of sight of scientists in the relation of concept of conditional and early release, its legal nature. Having summarized variety of views of scientists of problems of conditional and early release, differentiation on four stages, everyone them which contains features of scientific positions of researchers in area of the above-named branches of the right is carried out them. In the first stage the positions reflecting views of character, a legal design and a ratio of norms about conditionally – early release are considered, an are also reflected problems and the main tendencies on their improvement on the basis of the analysis in article acting standardly – legal acts and the available legal practice. In the second stage, the attention to extents of socially useful activity of the subject as the bases of its release is accented. Respectively, conditional досрочное release is understood as an encouragement measure, the subjective right of the person leaving punishment, lawful interest of the condemned. The third stage, contains views which basis such aspect as social purpose of realization of the studied institute is. To the fourth stage uniting approaches to the legal nature of conditional and early release it is analyzed the sight points reflecting branch accessory of the studied institute. In compliance with them the regulation of conditional and early release is carried to this or that branch of the right.

**Key words:** minors, the complex interindustry institute, the legal nature, an incentive measure, is conditional – early release from punishment, the criminal right, the criminal procedure right, criminally – the executive right.

Хибина Н.Н.

**Социальная политика государства в области смягчения уголовного наказания несовершеннолетним лицам**

Содержание статьи раскрывает отдельные аспекты социальной политики Республики Казахстан, проводимой в области смягчения уголовного наказания лицам, недостигших совершеннолетия. На первом этапе рассматриваются позиции, отражающие взгляды на характер, юридическую конструкцию и соотношение норм об условно-досрочном освобождении, а также в статье отражены проблемы и основные тенденции по их совершенствованию на основе анализа действующих нормативно-правовых актов и имеющейся юридической практики. На втором этапе акцентируется внимание на степени социально полезной деятельности субъекта как основания его освобождения. Соответственно, условно-досрочное освобождение понимается как мера поощрения, субъективное право лица, отбывающего наказание, законный интерес осужденного. Третий этап содержит взгляды, в основу которых положен такой аспект, как социальное назначение реализации исследуемого института. На четвертом этапе, объединяющем подходы к юридической природе условно-досрочного освобождения, анализируются точки зрения, отражающие отраслевую принадлежность исследуемого института. В соответствии с ними регламентация условно-досрочного освобождения отнесена к той или иной отрасли права.

**Ключевые слова:** несовершеннолетние, комплексный межотраслевой институт, юридическая природа, поощрительная мера, условно-досрочное освобождение от наказания, уголовное право, уголовно-процессуальное право, уголовно-исполнительное право.

**КӨМЕЛЕТКЕ  
ТОЛМАҒАНДАРҒА  
ҚАТЫСТЫ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ  
ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТУ  
АЯСЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ**

Жазаны өтеуден босату – кешенді салааралық институттар қатарына жатады, себебі оның құқықтық реттелуі тек қылмыстық нормалар негізінде ғана емес, сонымен қатар қылмыстық-атқару және қылмыстық іс жүргізу құқығы нормалары негізінде де жүзеге асырылады. Қылмыстық-атқару құқығы ҚР ҚАК VI бөліміндегі «Жазаны өтеуден босату. Жазасын өтеуден босатылған сотталғандарға көмек және оларды бақылау. Шартты түрде сотталған адамдарды пробациялық бақылау» нормалармен, ал қылмыстық іс жүргізу – ҚР ҚПК 475, 476, 478 баптарында бекітілген нормаларымен ұсынылған (шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы).

Айтылғандарға негізделі отырып, жазаны өтеуден босатуға келесідей анықтама беруге болады. Оны заңға сәйкес тағайындалған жазаны толық көлемде орындау негізі жөнсіз болып табылатын адамға қатысты кешенді, салааралық институт деп түсіну керек.

Әлі күнге дейін ғалымдар шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық табиғатына қатысты бір келісімді ұстанымға келген жоқ. Бұл жағдайды шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы нормалардың бірден бірнеше құқық салаларында (қылмыстық, қылмыстық-атқару және қылмыстық іс жүргізу) бекітілуімен түсіндіруге болады. Соңғысы, құқықтық табиғатына да, осы шараның түсінігіне де коллизиялық ой-пікірлердің бір мезгілде болуымен түсіндіріледі.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық табиғатын түсіндірудегі әртүрлі ұстанымдарды төрт кезеңге біріктіріп қарастыруға болады.

Олардың біріншісі шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы нормалардың сипатын, құқықтық құрылымын және арақатынасына көзқарасты білдіретін ұстанымдардан тұрады. Сондықтан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы норма мұнда көтермелеу. Кейбір авторлар шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы нормаларды санкцияның жеке элементі ретінде көрсетеді.

Заң әдебиеттерінде көтермелеу нормасы қоғам өмірінің әр саласында нақты азаматтар және олардың ұжымдарының әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында әдеттегі талаптан асатын нәтижеге жетуде, соның ішінде оның еңбекке

қатынасында құқықтық және қоғамдық міндеттерді адал орындаудан тұратын мемлекет және қоғамға пайдалы мінез-құлық үлгісі үшін нақты көтермелеу шараларын беру мүмкіндігі туралы жалпы сипаттағы мемлекетпен қамтамасыз етілетін нұсқау ретінде анықталады [1]. Сондықтан, қарастырылып отырған нормалар ең алдымен адамдардың әлеуметтік қажетті мінез-құлқын ынталандыруға бағытталған.

Л.В. Иногамованың пікірінше, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға қатысты, ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабы сотталғанға қатысты ынтадан құралады, оның ақырғы нәтижесі адам түзелудің нақты дәрежесіне жеткен кездегі оны жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату түрінде көрініс табады [2]. И.А. Тарханов жазаны өтеуден босату туралы қылмыстық заңнама нормалары сотталғандардың әлеуметтік қажет мінез-құлқын көтермелеуді қарастырады [3]. Ал О.Ф. Шишов шартты түрде мерзімінен бұрын босату «сотталғандардың түзелуінде маңызды ынталандыру ретінде қызмет атқарады және оларға жағымды тәрбиелік әсер етеді...» деп жазған [4].

Негізінде, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы нормаларды заңнамада бекіту сотталған адамға мінез-құлықтың әлеуметтік жағымды, әлеуметтік қажетті үлгісін таңдауға және нәтижесінде оның тез түзелуіне ынталандырады. Сондықтан, шартты түрде босату туралы норма көтермелеу болып табылады.

Көтермелеу нормасы құқықты да және міндетті де болуы мүмкін. Бұл сұрақты қарастыру өзекті болып табылады, себебі кейбір ғалымдар шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды соттың құқығы деп санайды. Ал басқалары шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды көрсетілген органның міндеті деп санайды. Міндеттеуші норма құқықтық қатынас субъектілерінен нақты оң әрекеттерді талап етеді, ал құқықтық жағы олардан қалауы бойынша мінез-құлықтарын анықтауға рұқсат береді.

Көтермелеу нормалары ең алдымен қылмыстық-атқару құқықтық қатынастарының екі субъектісіне арналған: көтермелеуді қолдануға құзырлы немесе міндетті органдар мен көтермелеуші мінез-құлық күтілетін сотталған адамдарға. Сондықтан сот пен түзеу мекемесінің әкімшілігінің құқығы және міндеттері құқықтық немесе міндеттеуші деп түсіндірілетін көтермелеу нормаларының құрылымына байланысты. В.М. Галкиннің пікірінше көтермелеудің міндеттілігі «әдетте көтермелеу негізі катал ресімдеуге салынса ғана белгіленеді. Егер

ынталандырылатын мінез-құлық көрсетілмесе және оның құндылықтарын бағалау көтермелеуді қолданатын субъектіге тапсырылса көтермелеу құқығы қалыптасады» [5]. Оның пікірінше, міндеттеуші қатарына шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы нормаларды да жатқызуға болар еді, себебі мұнда көтермелеу негізі жеткілікті нысандандырылған – сотталғанның түзелуінің нақты дәрежесі.

В.И. Селиверстов көтермелеу нормаларын құқықтық және міндеттеуші деп бөлмей, олар тек түзеу мекемесінің әкімшілігіне ғана қатысты, ал сотталған адам қандай да бір көтермелеуді талап етуге құқысы жоқ деген пікір айтқан [6].

Біздің пікірімізше барлық көрсетілген көзқарастар дұрыс, бірақ олар толық көлемде көтермелеу нормаларының мәнін білдіре алмайды. Негізінен нақты көтермелеу нормаларын белгілей отырып, заң шығарушы заң жүзінде рәсімдеп қана қоймай, сонымен қатар заңда белгіленген талаптарды орындағанда адамға көтермелеу шараларын қамтамасыз ету бойынша өзіне міндет жүктейді. Сондықтан, «әлеуметтік мән мәтінде қылмыстық-құқықтық көтермелеу нормаларының мазмұны субъектіге алдын ала ескертілген көрсеткіштерге жеткен кезде көтермелеу беру міндетінен тұратын әлеуметтік дұрыс мінез-құлыққа үндеу үйлестігін білдіреді».

Көптеген жағдайларда И.А. Тарханов, құқықтық нұсқамаларды құқықтық немесе міндеттеушіге жатқызу олардың мазмұнын ескермей, тек грамматикалық талдау негізінде ғана жүзеге асырылады, онда заң шығарушымен «мүмкін», «міндетті» деген терминдерді қолдану нормативтік материалды нақты нормалардың тобына жатқызуды алдын ала анықтайды деп жазады [3]. Сондықтан да заңда келтірілген «мүмкін», «құқылы» деген модальды етістіктерді В.М. Баранов «болуы керек», «міндетті» деген сөздермен ауыстырған жөн деп санайды [7].

Қазіргі уақытта ҚР ҚК-нің 72 бабының 1 бөлігінде: түзеу жұмыстарын, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген және сот тағайындаған жазаны толық өтеуді қажет етпейтін адамды сот құқық бұзбайтын мінез-құлқы, еңбекке (оқуға) адал қарағаны, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны, қылмысымен келтірген залалын өтеу жөнінде шаралар қолданғаны үшін сот тағайындаған жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін. Бұл орайда ол адам қосымша

жаза түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін. Біздің пікірімізше, норманың жаңа редакциясы, сотталған адам түзелудің нақты дәрежесіне жеткен кезде және заңмен талап етілген жаза мерзімінің бөлігін өтеген кезде сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануға міндетті деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 476 баптың 5 тармағына сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселе соттың жүргізуіне жатқызылатындығын атап өту қажет. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 162 бабының 9 тармағына сәйкес мекеме әкімшілігі немесе жазаны орындайтын орган сотталған адам жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтінішхатпен жүгінгеннен кейін оны он күн ішінде сотталған адамның жеке ісін қоса бере отырып, сотқа жіберуге, сондай-ақ прокурорды жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

Сот жәбірленушіні немесе оның өкілін алдағы сот отырысы туралы тапсырыс хат арқылы поштамен хабардар етеді. Жәбірленуші немесе оның өкілінің сотқа қатыса алмаған жағдайында жазбаша арыздар мен шағымдар қаралуы мүмкін.

Біздің пікірімізше, «сот төрелігін қалпына келтіруді» дамытудың келешегі қызықты болып көрінеді, бірақ та жоғарыда аталғандардан басқа жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы сұрақты қарастыруға кедергі келтіретін тағы да шешілмеген мәселелер бар.

Біріншіден, ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің 8 бабы қылмыстық қудалау органын қылмыс және қоғамдық бүтіндіктің құрбанының бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағыттамайды. И.Ж. Бахтыбаев қылмыстық процестің міндеттері жазалайтын, жазалаушы нәтижеге – әшкерелеу және жазалауға дейін жеткен деп дұрыс ескерген [8].

Екіншіден, осы кезеңде ымыраласу институтын реттейтін нормалар дискрециялық болып табылады, яғни «қарауы бойынша» деген С.Н. Пеннің пікірімен келісуге болмайды. Лауазымды адаммен шешім қабылдаудағы ерікті кезеңнің болуы (нақты жағдайда) жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге кедергі болатын себеп [9].

Үшіншіден, тараптардың ымыраласуына байланысты шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қарастыратын нормаларды қолдану-

дың шектері және құқықтық салдарының белгісіздігі.

ҚР Қылмыстық кодексінде заң шығарушы жәбірленушіге келтірілген залалды өтеуден тұратын, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адам үшін нақты ынтаны қарастырғаны орынды. ҚР Қылмыстық кодексінің 53 бабының төртінші бөлігі 53 баптың бірінші бөлігінің д) және к) тармақтарында көзделген жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда, жаза мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасаған кезде – жартысынан, ауыр қылмыс жасаған кезде – үштен екісінен, аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен аспауға тиіс деп қарастырады.

Сондықтан, сотталған адамға жазаны шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы арқылы өтеуді қолдану бойынша жәбірленушінің пікірін ескеру талабының үйлесімділігімен жеңілдететін мән-жайлар институты жәбірленушімен ымырыға келу және оған келтірілген залалды өтеу қажеттілігіне қатысты қылмыстық жауаптылыққа тартылып жатқан адам үшін үлкен мотивация жайлы сөз қозғауға жол береді.

В. Авдеев шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабының 1 бөлігінде бекітілген норма көтермелеу санкциясынан тұрады деген пікір айтқан [10].

Санкция үнемі құқықтың шектелуін белгілейді, ал «көтермелеу» және «санкция» сөздері үйлесімсіз деп көрсететін Ю.М.Ткачевский келтірілген пікірге қарсы шығады [11].

Ғалымдардың құқықтың көтермелеу нормаларының құрылымы мен ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабының 1 бөлігіндегі нормаларға қатысты келтірілген пікірлерге келіспеушіліктерінің бірден-бір себебі «санкция» терминінің этимологиялық маңызын әртүрлі ұғынуларында.

Латын тілінен аударғанда *sanctio* қатал үкім дегенді білдіреді. Сонымен қатар әртүрлі тақырыптық бағыттағы сөздіктерде қарастырылып отырған ұғымға екі түрлі түсінік беріледі. Біріншіден, санкция – құқықтық күш, рұқсат беретін қандай да бір актінің жоғары инстанциясын бекіту. Екіншіден, санкция – құқықтық норма, заң баптарының бөлігі, онда сол заңның бұзылуының құқықтық салдары және құқық бұзушыға қатысты жазалау шаралары көрсетіледі. Мемлекет және құқық теориясында, қылмыс-



тық құқық ғылымында көптеген мамандар санкцияда жаза шараларын, диспозиция нормасында бар ережені бұзудың құқықтық салдарын көреді. Бұл мән-жайды көбіне рим құқығының кейбір нормаларының рецепциялануы үдерісімен түсіндіруге болады, онда санкция заң нұсқамаларын бұзған адамға тағайындалатын жаза дегенді білдірген.

Сондықтан, «санкция» терминінің бастапқы мағынасымен қатар екіншісі – қылмыстық-құқықтық нормалардың құрылымдық элементі пайда болды. Сонымен қатар, құқықтық күш беретін қандай-да бір актінің жоғары инстанциясын бекіту ретіндегі санкцияның анықтамасынан, кейбір ғалымдардың ескергені, қабылданған құжат негативтік немесе позитивтік сипатта да болуы мүмкін және көтермелеу шараларынан немесе мәжбүрлеу шараларынан тұруы мүмкін. Л.С. Мамуттың пікірінше, санкция болып тек жаза ғана емес, сонымен қатар құпталатын, жақсы мінез-құлыққа ынталандыруға (көтермелеуші санкция) немесе кінәлайтын теріс қылықтардың (негативтік санкция) алдын алуға, жоюға бағытталған нақты фактілерге адамның әсер етуі табылады [12]. А.В. Малько позитивтік санкциялау, арнайы билігі бар тұлға тарапынан қандай да бір іс-әрекетке рұқсат беруі деп көрсетеді. Соңғысы ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің 7 бабына қайшы келмейді, онда «санкция» деп соттың сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық қудалау органының процестік әрекетті жасауына берген рұқсаты не қылмыстық қудалау органы жасаған немесе қабылдаған процестік әрекетті немесе процестік шешімді прокурордың бекіту актісі аталады [13].

ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабының 1 бөлігіне қатысты, позитивтік санкциялау сот адамның түзелуі үшін тағайындалатын жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танитын болса, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін дегенді білдіреді. Осыған байланысты ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабының 1 бөлігінде бекітілген нормалардың құрылымдық элементтерінің бірі болып көтермелеу санкциясы табылады, ол шартты түрде мерзімінен бұрын босату нысанындағы сотталған адамның әлеуметтік сай мінез-құлқының құқықтық салдарын білдіреді.

«Санкция» терминінің әр мәнді фактісінің өзі, біздің пікірімізше, оның мағыналарының бірін екіншісімен ауыстыруды түсіндірмейді. Мемлекет расымен де көтермелеу нормаларында позитивтік мінез-құлықты санкциялайды, себебі әр норма оны мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі. Бірақ позитивтік санкциялау норматив-

тік-құқықтық реттелу түрі ретінде құқықтық норма құрылымы туралы ілімге жатпайды және оны өзінің мазмұнымен ауыстыра алмайды. Бұдан ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабының 1 бөлігінде бекітілген нормада санкция жоқ деп қорытынды жасауға болады. Соңғысы аталған баптың 7 бөлігінде жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қойылатын міндеттер және талаптарды орындамағаны үшін жауаптылық түрінде көрсетілген.

Біз көтермелеу нормалары құрылымында және ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабының 1 бөлігіндегі нормаларда «көтермелеу» дейтін жеке элементті бөліп көрсету үшін жеткілікті негіздерді таппай тұрмыз. «Құқықтың көтермелеу нормасының мәні позитивтік іс-әрекеттердің нақты нұсқасын жіберуден емес, дұрыс мінез-құлық актісін жасап шығарудан және оны жасауды белсенді ынталандырудан тұрады» деген И.А. Тархановтың пікірі негізді [3].

Кейбір мамандар жалпы және арнаулы нормалардың бәсекелестігі ережесі бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы нормаларды іске асыру мүмкіндігін мүлдем жоққа шығарады. Ю.М. Ткачевский ҚР ҚК-нің 86 бабы кәмелетке толмаған кезде қылмыс жасаған адамдарға қолдану кезінде жалпы, ерекше болып табылады деп санайды [11].

Сондықтан, кәмелетке толмағандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату бөлігінде қылмыстық заң ережелерін ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабында бекітілген ережелермен бірге қолдану қажет. ҚР Қылмыстық кодексінің 72 бабын кәмелетке толмаған сотталғанға қатысты қолдану шартты түрде мерзімінен бұрын босату негізін анықтаумен ғана шектелмейді. Осы бапты шартты түрде мерзімінен бұрын босап шыққанға жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезеңіне ерекше міндеттерді жүктеуде, оның мінез-құлқына бақылау жасау туралы сұрақты шешуде, сонымен қатар шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды жою немесе сақтау туралы сұрақты шешу кезінде басшылыққа алу қажет.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық табиғатына көзқарастарды біріктіретін екінші кезеңде, босату негізі ретінде субъектінің әлеуметтік дұрыс қызметі дәрежесіне көңіл бөлінеді. Тиісінше, шартты түрде мерзімінен бұрын босату көтермелеу шарасы, жаза өтеп жатқан адамның субъективтік құқығы, сотталған адамның заңды мүддесі ретінде түсініледі.

Субъективтік құқық – нақты іс-әрекеттер жасау мүмкіндігінен және міндетті тұлғалардан

нақты іс-әрекеттер талап ету мүмкіндігінен тұратын құқық субъектісінің мінез-құлқының заңмен қарастырылған және кепілдендірілген шарасы. Н.И. Матузов ол төрт элементтен құралады деп көрсетеді: а) құқылы адамның оң мінез-құлыққа мүмкіндігінен, яғни дербес іс-әрекеттер жасауға құқығы; б) тұлғалардан тиісті мінез-құлықты талап ету мүмкіндігінен; в) қарама-қарсы тараптың өз міндеттерін орындамау кезінде мемлекеттік мәжбүр ету шараларын қолдануға мүмкіндігінен; г) осы құқық негізінде нақты әлеуметтік игіліктерді қолдануға мүмкіндігінен [14].

Заңға сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босату жаза орындаушы мекеме немесе органның әкімшілігінің ұсынысы бойынша сотпен қолданылады. Сондықтан, осы сұрақ бойынша норма сотталғанның өтінішін қарастыру соттың міндеті дегенді білдірмейді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық табиғатына ұстанымдарды біріктіруші үшінші кезең негізіне зерттеу институтын іске асыруды әлеуметтік белгілеу ретіндегі аспект салынған. Мұнда шартты түрде мерзімінен бұрын босату келесідей түсіндіріледі: а) жазадан босатудың, жазаны әрі қарай өтеуден босатудың бір түрі ретінде; б) бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің ақырғы сатысы; г) соттың айыптау үкіміне нақты түзетулер енгізу; д) соттың айыптау үкімінің тұрақтылығынан бас тарту; е) екі ұшты үкімнің бір түрі; ж) жазаны өтеудің үдемелі жүйесінің соңғы сатысы.

Заң әдебиеттерінде, соның ішінде оқу әдебиеттерінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату жазадан босатудың бір түрі ретінде қарастырылады [15].

Өткен жүз жылдықтың басында заң әдебиеттерінде тұрлаусыз үкімнің түрі ретінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға көзқарас кең таралған болатын, оның мәні сотталған адамдар қоғамға әбден түзелгеннен кейін ғана қайтарылатын болған.

Көрсетілген ұстаным үшін дәлелді негіз болды. XX ғасырдың басында қылмыстық заңнама жеткілікті түзелу болмағандықтан кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі алғашқы тағайындалған жазаны ұзарту мүмкіндігін қарастырған.

Біздің пікірімізше, алғашқы тағайындалған жазаны кәмелетке толмағанға ұзарту мүмкіндігі сотталғанның түзелу үдерісін аяқтауды мақсат етеді, ал шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану осы міндетке мерзімінен бұрын және жартылай жетумен түсіндіріледі

деген А.М. Носенконың пікірі осы жағдайға қатысты негізді. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату кезіндегі тұрлаусыздықты кейбір авторлар сотпен бұрын белгіленген жаза мерзімін қысқартуға байланысты дейді [16].

Тұрлаусыз үкім кезінде жазаның ең төменгі және ең жоғарғы мерзімдері ғана көрсетіледі. Әрекет ететін заңнамаға сәйкес сотталған адамға тиянақталған жаза тағайындалады. Бірақ бұл мән-жай шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға дейін үкімді орындау сатысында жазаны дараландыру мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Біздің пікірімізше, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды жазаны орындаудың үдемелі жүйесінің соңғы сатысы деп тану үшін жеткілікті дәлел жоқ.

Қылмыстық жазаны орындаудың үдемелі жүйесі төрт нысанның бірімен жүзеге асырылады: нақты түзеу мекемесі аясында; түзеу мекемесінің түрін өзгерткенде; бас бостандығын жазаның жеңіл түрімен ауыстырғанда; жазаны өтеу кезінде қылмыс жасағаны үшін кінәліні соттағанда. Аталған нұсқалардың әрқайсысы сотталған адамды ұстау режимін өзгерту арқылы ғана жүзеге асырылады, әрине ол адамның мінез-құлқына да байланысты. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату кезінде жазаны орындау режимі өзгертілмейді, себебі адам жазаны өтеуден босатылады. Жазаның өтелмеген бөлігі кезінде адам қылмыс жасаса және шартты түрде мерзімінен бұрын босату жойылса жазалаушы-тәрбиелік әсер етулер жазаны орындаудың режимін өзгерту арқылы емес, қылмыстық жауаптылыққа тарту арқылы жүзеге асырылатын болады. Сондықтан, шартты түрде мерзімінен бұрын босату жазаны орындаудың үдемелі жүйесінің соңғы сатысы болып табылмайды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық табиғатына ұстанымдарды біріктіретін төртінші кезеңге бұл институттың салалық қатыстылығын білдіретін ой-пікірлер жатады. Осыған сәйкес шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың реттелуі нақты құқық саласына жатқызылған.

П.М. Малинның пікірінше, жазаны өтеуден босату түрі ретіндегі шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық табиғатын анықтау осы шараларды тек қылмыстық құқық нормалармен ғана реттеуді айқындайды [17].

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды реттеу тек материалдық құқықпен ғана шектелмейді. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату қылмыстық-атқару (ҚР Қылмыстық-

атқару кодексінің 162 бабының 1,2 бөліктері) және қылмыстық-процестік (ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің 476 бабының 5 бөлігі) заңнамаларымен реттеледі.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға постпенитенциарлық бақылау қылмыстық-атқару құқығының пәніне кіреді, себебі ол жазаны өтеу үрдісінде қол жеткізілген сотталған адамның түзелу нәтижелерін бекітуге көмектеседі. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға бақылауды қылмыстық-атқару құқығының пәніне жатқызуға шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға бақылауды реттейтін ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің алтыншы бөлімінің нормалары дәлел бола алады.

Сондықтан, шартты түрде мерзімінен бұрын босату кешенді, саларалық институт болып табылады, себебі оның құқықтық реттелуі бірнеше құқық салалары (қылмыстық, қылмыстық-атқару, қылмыстық-процестік) негізінде жүзеге асырылады.

Ғалымдар арасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату ұғымы туралы сұрақ бойынша да біркелкі ұстаным жоқ. Өткен жүз жылдықтың 70-80 жылдарындағы заң әдебиеттеріндегі шартты түрде мерзімінен бұрын босату анықтамаларын осы күнгі ақиқат жағдайында қолдануға болар ма екен? Олардың біреуі қылмыстық заңнаманың өзгеруіне байланысты өзектігін жоғалтты. Мысалы, Г.Д. Коробков шартты түрде мерзімінен бұрын босату ұғымына берген анықтамасында, бұл шара сотталған адамның түзелгенін дәлелдеген жағдайда ғана қолданылуға жатады деп көрсетеді [18]. Қазіргі кезеңде шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталған адам түзелудің нақты дәрежесіне жеткен кезде қолданылады. Н.А. Сперанскийдің

пікірінше, шартты түрде босату «сотпен тағайындалған үкім мерзімі өткенге дейін әрі қарай жазаны өтеуден сотталған адамды шартты түрде босату» [19]. Сотталған адамды босату шартты емес, шынайы, ол нақты шартпен берілетіндігін атап өткен жөн.

Заманауи авторлардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға анықтама беруі оның мәнін толық көрсетпейді. Мысалы, С.Г. Барсукова шартты түрде мерзімінен бұрын босату деп сотталған адамды әсер етуге ынталандыратын қылмыстық-құқықтық сипаттағы арнайы шаралар, оның мақсаты болып бұдан былай қылмыстық қызметпен айналысуға жол бермейтін күштерді нығайту және бекіту, білім беру жолымен тұрмыс жағдайларына икемдеу және оның түзелуіне көмектесу болып табылады [20].

К.И. Джаянбаевтың берген анықтамасы да орынды, ол шартты түрде мерзімінен бұрын босату болып үкіммен белгіленген мерзім аяқталғанға дейін жазаны әрі қарай өтеуден босату табылады деп көрсетеді. Сотталған адам заңмен белгіленген мерзімнің бір бөлігін өтеу қажет және сот түзелу үшін сотталған адам жазаны толық өтеуді қажет етпейтіндігіне сенімді болуы керек [21].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша аталған талаптар қарастырылып отырған институтты әртүрлі нормативтік актілермен реттейтін барлық шарттармен біте қоймайды.

Сондықтан, шартты түрде мерзімінен бұрын босату – бұл сотталған адамды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды реттейтін, жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде заңмен белгіленген талаптарды орындаудан тұратын кешенді салааралық институт.

## Әдебиеттер

- 1 Баранов В.М. Поощрительные нормы советского социалистического права. – Саратов: Изд-во Саратовского ун-та, 1978. – 145 с.
- 2 Иногамова Л.В. Условно-досрочное освобождение от наказания. – Тюмень: Тюменский гос. ун-т, 1992. – 73 с.
- 3 Тарханов И.А. Личность преступника и индивидуализация наказания в стадии исполнения приговора // Личность преступника и применение наказания. – Казань, 1980. – С.144-170.
- 4 Курс советского уголовного права: В 6 т. Т.3 / под ред. А.А. Пионтковского, П.С. Ромашкина, В.М. Чхиквадзе. – М., 1970. – 638 с.
- 5 Галкин В.М. Система поощрений в советском уголовном праве // Советское государство и право. – 1977. – № 2. – С. 90-96.
- 6 Уголовно-исполнительное право: учебник / под ред. В.И. Селиверстова. – Изд. 3-е, исправл. и доп. – М.: Юриспруденция, 2002. – 368 с.
- 7 Баранов В.М. Истинность норм советского права. Проблемы теории и практики. – Саратов: Изд-во Саратовского ун-та, 1989. – 397 с.
- 8 Бахтыбаев И. Ж. Концептуальные основы деятельности прокуратуры Республики Казахстан по обеспечению законности: монография. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 888 с.
- 9 Пен С.Г. Опыт, проблемы и перспективы восстановительного правосудия в уголовном судопроизводстве // Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы теории и практики применения

уголовного и уголовно-процессуального права Республики Казахстан» (Щучинск, июнь 2007 г.). – С.136-139.

- 10 Авдеев В.А. Юридическая природа условно-досрочного освобождения несовершеннолетних // Уголовное право. – 2000. – № 3. – С. 3-5.
- 11 Ткачевский Ю.М. Условно-досрочное освобождение от отбывания наказания // Вестник Моск. ун-та. Сер. 11. Право. – 2002. – № 1. – С. 1-40.
- 12 Политология: курс лекций / под ред. М.Н. Марченко. – Изд. 2-е. – М.: Зерцало, 1997. – 384 с.
- 13 Малько А.В. Льготная и поощрительная правовая политика. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2004. – 244 с.
- 14 Матузов Н.И. О праве в объективном и субъективном смысле: гносеологический аспект // Правоведение. – 1999. – №4. – С. 129-143.
- 15 Советское уголовное право: учебник для ВУЗов по специальности «Правоведение» / под ред. Г.А. Кригера, Б.А. Куринова, Ю.М. Ткачевского. – М.: Изд-во МГУ, 1981. – 517 с.
- 16 Носенко А.М. Условно-досрочное освобождение от лишения свободы. – М.: ВНИИ МВД СССР, 1974. – 150 с.
- 17 Малин П.М. Уголовно-правовые и уголовно-исполнительные проблемы условно-досрочного освобождения от отбывания наказания в виде лишения свободы: дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.08 / П.М. Малин. – Рязань, 2000. – 216 с.
- 18 Коробков Г.Д. Освобождение от уголовной ответственности и наказания по советскому уголовному праву. – М.: ВЮЗИ, 1981. – 72 с.
- 19 Советское уголовное право. Общая часть: учебник для юрид. ин-тов и фак./ под ред. Б.В. Здравомыслова, Ш.С. Рашковской, М.А. Шнейдера. – М.: Юридическая лит., 1964. – 432 с.
- 20 Барсукова С.Г. Условно-досрочное освобождение от отбывания наказания по российскому праву: дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.08. – Йошкар-Ола, 2000. – 201 с.
- 21 Джаянбаев К.И. Уголовно-исполнительное право Кыргызской Республики: учеб. пособие для вузов. – Бишкек, 2007. – 324 с.

#### References

- 1 Baranov B.M. Incentive norms of the Soviet socialist right. – Saratov: Publishing house Saratov un-ta, 1978. – 145 with.
- 2 Inogamova L.V. Uslovno-dosrochnoye release from punishment. – Tyumen: The Tyumen state. un-t, 1992. – 73 with.
- 3 Tarkhanov I.A. The identity of the criminal and an individualization of punishment in a stage of execution of a sentence//the Identity of the criminal and application of punishment. – Kazan, 1980. – the page. 144-170.
- 4 Course of the Soviet criminal right: In 6 t. T. 3 / Under red. A.A. Piontkovskogo, P.S. Romashkina, V.M. Chkhikvadze. – M, 1970. – 638 with.
- 5 Galkin of V. M. Sistem of encouragement in the Soviet criminal right//the Soviet state and the right. – 1977. – No. 2. – the page. 90-96.
- 6 Criminal executive law: the textbook / Under red. V. I. Seliverstova. – Prod. 3-e, correction and addition. – М.: Law, 2002. – 368 with.
- 7 Baranov B.M. Istinnost's rams of norms of the Soviet right. Problems of the theory and practice. – Saratov: Publishing house Saratov un-ta, 1989. – 397 with.
- 8 Bakhtybayev I. Zh. Conceptual bases of activities of prosecutor's office of the Republic Kazakhstan for ensuring legality: monograph. – Almaty: Zhety zhargy, 2008. – 888 pages.
- 9 Pen S.G. Experience, problems and prospects of recovery justice in criminal legal proceedings / Materials of the «Actual Problems of the Theory and Practice of Application of the Criminal and Criminal Procedure Law of the Republic Kazakhstan» conference international scientifically-prakticheskoy (Shchuchinsk, June, 2007). – S.136-139.
- 10 Avdeev V. A. Legal nature conditionally-dosrochnogo releases of minors//Criminal right. – 2000. – No. 3. – S. 3-5.
- 11 Tkachevsky Yu.M. Conditional – early release from punishment, the criminal right //Mock Bulletin. un-ta. Сер. 11. Right. – 2002. – No. 1. – S. 1-40.
- 12 Political science: a course of lectures / Under red. M. N. Marchenko. – Prod. 2-e. – М.: Zertsalo, 1997. – 384 with.
- 13 Malko A.B. Preferential and incentive legal policy. – SPb.: Legal Press center, 2004. – 244 with.
- 14 Matuzov N. I. O the right in objective and subjective sense: gnoseological aspect//Jurisprudence.-1999.-№4. – S. 129-143.
- 15 Soviet criminal right: the textbook for HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS on the specialty «Jurisprudence» / Under red. A. Krieger, B. of A. Kurinova, Yu.M. Tkachevckogo. – М.: Publishing house of MSU, 1981. – 517 with.
- 16 Nosenko A.M. Uslovno-dosrochnoye release from deprivation of freedom. – М.: All-union scientific research institute of the Ministry of Internal Affairs of the USSR, 1974. – 150 with.
- 17 Malin P.M. The criminal-legal and criminal-executive problems early release from serving of punishment in a type of deprivation of freedom: dis.... kand. jurid. sciences: 12.00.08 / P.M. Malin. – Ryazan, 2000. – 216 with.
- 18 Korobkov G. D. Release from criminal responsibility and punishment by the Soviet criminal right. – М.: VYuZI, 1981. – 72 with.
- 19 Soviet criminal right. General part: the textbook for jurid. in-tov and fak./Under red. B. V. Zdpavomyclova, Sh.S. Rashkovskoy, M. A. Schneider. – М.: Legal litas., 1964. – 432 with.
- 20 Barsukova S.G. Uslovno-dosrochnoye release from serving of punishment by the Russian right: dis.... kand. jurid. sciences: 12.00.08. – Joshkar-Ola, 2000. – 201 with.
- 21 Dzhayanbayev K.I. Criminally – the executive right of the Kyrgyz Republic: the educational aid for higher education institutions. – Bishkek, 2007. – 324 with